

# КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҒЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ МЕН КЕЗЕҢДЕРІ

Байкенжина К.А., Қали А.А.  
Қарағанды қ., ҚР

**Андатпа:** Бұл мақалада кәмелетке толмағандардың қазіргі кезеңдегі қылмыстық жауаптылығының жағдайы мен өзекті мәселелері туралы баяндалады.

**Кілт сөздер:** кәмелетке толмағандар, жас шамасы, субъектісі, қоршаған орта, криминологиялық мәселелер

Қазақстандағы кәмелетке толмағандардың қылмыстылық жағдайы қоғамда үлкен ой туғызып отырған өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Елдегі әлеуметтік жағдайдың тұрақты бір қалыпқа келмеуі, экономикалық дағдарыс балалар мен жеткіншектерге әсерін тигізбей қойған жоқ. ҚР Ішкі істер министрлігінің статистикалық мәліметтеріне сәйкес кәмелетке толмағандардың қылмыстылығы күннен күнге арта түсуде. Бұл мәлімет қылмыстың санына ғана қатысты емес, сонымен бірге сапасына да қатысты.

Сондай-ақ соңғы кездерде кәмелетке толмағандардың адам өлтіру, ауыр дене жарақаттарын салу, қарақшылық, тонау қылмыстарын пайдакүнемдік мақсатта жиі жасайтындығын да айтпай кетуге болмайды. Соңғы жылдарда кәмелетке толмағандардың «қылмыс жасау жастарының жасарғандық» тенденциясы байқалады. 2006 -2016жж. барлық қылмыс жасаған кәмелетке толмағандардың 50% жасы 14-15-жасты құрайды, ал түрлі қоғамға қауіпті құқық бұзушылық әрекеттері үшін ішкі істер бөлімдеріне әкелінген кәмелетке толмағандардың жалпы саны 2016 жылы 85 мыңнан асып кеткен [1].

Сондай-ақ, соңғы жылдарда қылмыс жасаған кәмелетке толмағандардың ішінде қыз балалардың саны да артып отыр. Соңғы екі жылда олардың саны барлық қылмыс жасаушы кәмелетке толмағандардың 14% құрап отыр, бұл сан 2015 жылы 11% болатын. Бұл сан тек қана қоғамға қауіптілікті ғана туындатып отырған жоқ, сонымен бірге оның қауіптілігі қылмыс жасаушы қыз балалардың санының артуында болып отыр.

Кәмелетке толмағандардың қылмысты ішімдік ішіп, есірткі шегіп жасау жағдайы да тап жоғарыдағыдай. Қазіргі уақытта кәмелетке толмағандар да ересек қылмыскерлер секілді қылмыс жасауға соңғы технология жабдықтарын пайдалануды, алдын ала дайындалуды әдетке айналдырған.

Жыл сайын кәмелетке толмағандар тарапынан жасалатын қылмыстардың жартысына жуығы қылмыстық топ құрамында жасалады. Соңғы кездерде кәмелетке толмағандардың қылмыстық топтарындағы «гастролерлар» мен «криминалдық гастролерлар» тобы ерекше сұранысқа ие болды және мұндай қылмыстық топтардың сандары күн сайын өсіп отыр. Қылмыс жасаған кәмелетке толмағандардың қылмыс жасағанға дейінгі кәсібіне келетін болсақ, қылмыстардың жартысынан көбі басқа елдерден көшіп келген не үйі, не жұмысы жоқ қандастарымыздың балалары тарапынан жасалады екен, сөйтіп қазіргі кезде нақты жағдай жасалмаған көші-қон мәселесі де кәмелетке толмағандардың қылмыс жасауына себепші болып отыр.

Сонымен қатар кәмелетке толмағандардың ересектермен қосылып қылмыс жасау тенденциясы да байқалады, бұл әрине бұрын да болған, бірақ қазір бұрынғы жылдарға қарағанда сандық жағынан да, сапалық жағынан да артып отырғандығы сөзсіз, әсіресе

рәкет, есірткі бизнесі, жезөкшелікке байланысты қылмыстық әрекеттердегі мүдделерінің бірлігі байқалады.

Ақыл есінің ауытқушылығы бар кәмелетке толмағандар тарапынан жасалатын қылмыстар да бұрынғыға қарғанда едәуір өскен, оның басты себебі тәрбие мен әлеуметтік жағдайдың төмендігі. Заңгерлер мен дәрігерлердің бірігіп жүргізген сараптамасының қорытындысы бойынша мұндай балалардың ақыл есінің ауытқушылығы туғаннан емес, керісінше күнделікті өмірдегі келеңсіз жағдайлардың салдары екендігі анықталған. Бұл пікірмен, көптеген заңгер криминологтар да келіседі, атап айтқанда А.Х.Миндагулов « психикасына өзгеріс енген мұндай балаларды жауаптылыққа тартпас бұрын әбден зерттеу жүргізіп, психикасына өзгеріс ену салдарын нақты дәлелдеуге ұмтылу керек, өйтпейінше жазықсыз жазаға тартылуы мүмкін-,» деп атап көрсетеді[2, 142-144бб].

Жасөспірімдер ортасы қоғамдағы дағдарыс жағдайын өте ауыр қабылдайды, соның салдары болуы керек, соңғы жылдардағы кәмелетке толмағандар тарапынан жасалатын қылмыстар санының, атап айтқанда 2007-2016 жылдар аралығында олардың жасаған қылмыстарының саны 40% артуы.

Сонымен қатар соңғы жылдары ұйымдасқан қылмыстық топ құрамында кәмелетке толмағандар тарапынан жасалатын алаяқтық пен қорқытып алушылық саны да артып отыр. Заңсыз қару-жарақ, атыс және жарылыс құралдары айналысымен айналысу, қару жарақтарды заңсыз алып жүру, сақтау, сатып алу, дайындау және өндіру қылмыстарының қоғамға қауіптілігі баршаға белгілі, әйткенмен де қылмыстың бұл түрімен де кәмелетке толмағандардың айналысатындығы анықталып отыр.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығына талдау жасауда қылмыстық топпен немесе ұйымдасқан қылмыстық қауымдастық құрамында жасалуына ерекше назар аудару керек, өйткені қылмыстың жеке немесе қылмыстық топ құрамында жасалуының қоғамға қауіптілік дәрежесінде айырмашылық бар. Бұл туралы криминолог ғалым Е.О.Алауханов былай дейді: «Адам қылмыстық топ құрамында қылмыс жасаған кезде өзіне тән қасиеттерінен айырылады, оның мінез-құлқы топ мүшелерінің мінез-құлқына сәйкестенеді, мұның басты себебі, қылмыстық әрекеттегі бір мақсаттың болуы» [3, 45-49бб].

Кәмелетке толмағандардың қылмыстық топтары көбіне тұрақты топ болып табылмайды, уақытша бір немесе екі қылмыс жасауға ғана топтасқан, мұндай топтардың мүшелерінің саны да тұрақты болмауы мүмкін. Ал, егер қылмыстық топ ұйымдасқан топ болса, олардың қылмыс жасауға деген дайындығы жоғарғы деңгейде, соңғы техника жетістіктерімен толықтай қаруланған болып табылады, тіпті оларда бар техникалық құрал жабдықтар ішкі істер бөлімдерінде де жоқ.

Ересектер сияқты кәмелетке толмағандардың қылмыстық топтарының да өз көшбасшылары бар, оның тікелей басшылық жасауымен қылмыстар жасалып, жасалған қылмыстар бойынша қорытынды шығарылады. Көшбасшылары топтың ішкі функциясына бақылау жасайды, ол еш жерде жазылмаған заңмен реттеледі, яғни қылмыстық топтардың өз заңдары бар. Кәмелетке толмағандардың қылмыстың тобының құрамы тек қана ер адамдардан, көпшілік жағдайда 2-3 адамнан тұрады, ал кейбір жағдайларда топтың 4 немесе одан да көп адамнан жасақталуы мүмкін, ерекше жағдайларда топтың құрамына қыздар мен әйелдердің де, сондай-ақ бұрын сотты болған адамдардың да кіруі мүмкін. Қылмыс жасауда тәжірибенің пайда болуынан, кәмелетке толмағандардың қылмыстық тобындағылардың саны азая береді, екінші бір себебі тәжірибе жинақтаған жасөспірім өз алдына жеке қылмыс жасауға әрекет етеді.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығының тағы да бір ерекшелігі қылмыстың қайталанылуында, бұл қайталанулар кәмелетке толмағандардың жасы өскен сайын күрделеніп, қоғамға қауіптілік дәрежесі ұлғая береді. Қылмыс қайталанған сайын келтіретін зардап көлемі ұлғайып қана қоймайды, сонымен қатар олардың бойында өздерінің әрекеттеріне деген сенім пайда болады да, кейінірек аса қауіпті қылмыскерлер тобын құрайтын болады.

Бұл туралы С.П.Бузинов:» қылмыстың әрбір оныншы рет қайталануында қылмыс жасаушы тұлғада қылмыс жасауға деген тұрақты дағды және тәсіл пайда болады да, қылмыстық зардап туғызу олар үшін оңай әдетке айналады» дейді [4, 56-59бб].

Ішкі істер бөлімдерінің қызметкерлерінің пікірлеріне қарағанда кәмелетке толмағандардың қылмыстылығы көбінесе латентті түрге айналады, яғни қылмыс дер кезінде ашылмай қалады да, олардың әрекеттерінің лайықты жазасы тағайындалмайды. Сот және алдын ала тергеу қызметкерлерінің пікірінше, кәмелетке толмағандардың қылмыстылық көрсеткіштерін реттеп отыруға болатын көрінеді, ол үшін алдын ала тергеу және сот тергеуі кезінде қылмыс жасауға себеп болған жағдайларды дер кезінде анықтап, қылмыстың алдын алу жұмыстарын жүргізсе жеткілікті. Негізінде кәмелетке толмағандардың жасайтын қылмыстарының шын мәніндегі саны тіркелген қылмыстар санынан әлдеқайда көп. Көп жағдайларда кәмелетке толмағандар жасайтын ұрлық, тонау және бұзақылық қылмыстары тіркеуден өткенімен ашылмай қалады да есепке алынбайды, сөйтіп қылмыстардың латенттілігін құрайды.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстылық жағдайының өсуінің өзіндік себептері бар, алдымен қылмыстылықтың өсуінің басты себебі: қоғамдағы нақты өмір сүру жағдайының өзгерісі. Оның басты себебі кәмелетке толмағандар, ересектерге қарағанда күнделікті өмірде кездесетін қиыншылықтарға төтеп бере алмайды да, қажеттіліктерінің орнын қылмыс жасаумен толықтырады. Сонымен қатар еңбек тәжірибесі жоқ болғандықтан оларды көбінесе жұмысқа алмайтындықтан алса да көп жағдайларда еңбек орнында қысқартуларға түсетіндіктен күн көріске деген қажеттілікті қылмыстық ортадан іздейтіндігі даусыз, бұл әсіресе жазасын өтеп қайтқан жасөспірімдерге тән құбылыс. [5,68б]

Сондай-ақ, кәмелетке толмағандарды оқу орындарынан түрлі себептерге байланысты шығарып жіберу де олардың тарапынан қылмысқа баруға себеп болады. Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығының тағы да бір себебі олардың тұрғылықты мекен-жайы бойынша бос уақыттарын өткізуге лайықты жағдайдың жасалмауы, көптеген балалар мекемелері жабылып, олардың ғимараттары коммерциялық құрылымдарға сатылып кеткен.

Бұрындары әрбір аулада аула клубтары болып, онда түрлі үйірмелер жұмыс істейтін, ол үйірмеге сол ауланың және көршілес ауланың балалары барып, түрлі жарыстар, конкурстар өткізіп балалық шақтарын қызықты етіп өткізіп жататын, ал қазір компьютерлік клубтардан басқа балаларға арналған ештеңе жоқ, оның өзі ақылы, түрлі спорттық мекемелердегі үйірмелер жайлы тіптен сөз қозғауға да тұрмайды, мұнда да көрсетілетін қызмет түрлері ақылы болғандықтан оған баруға барлық балалардың бірдей шамалары келе бермейді.

Сонымен қатар, айта кететін тағы бір жай балалардың жазғы демалысының дұрыс ұйымдастырылмауы, аз қамтылған отбасының балаларына жаз бойы мектептегі сауықтыру орнына бір маусымға барғанан кейін айналысатын ештеңе де қалмайды, бұрынғыдай сауықтыру лагерлері тіптен жоқтың қасы, бар болса да оған ата-аналары

сол мекемеде жұмыс істейтін балалар ғана бара алады, яғни жолдама алуға шектеу қойылған.

Ата-аналары ішімдіке, есірткіге әуес отбасының балаларына адамгершілік, мәдениет, тәрбие мүлдем жоқ болғандықтан мұндай отбасының балалары көше тәрбиесін алуға жақынырақ тұрады да, көбінесе еріксіздіктен қылмыстық топтарға қосылып кетеді де ересектердің өмір сүру толқынында болады, сөйтіп жүріп, есірті шегушілер, ішімдік ішушілер, жезөкшелердің қатарын толықтырады. Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығының тағы да бір себебі, қылмыспен күрес жүргізуді ұйымдастырушы ішкі істер органдары қызметкерлерінің жұмыстарындағы кемшіліктер, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі комиссиялар жұмыстары көңіл толтырарлықтай болмауы, қоғамдық ұйымдар мен мекемелердің жастар ісімен мүлдем айналыспауы, қылмыстың алдын алу бойынша арнайы іс-шаралардың дер кезінде өткізілмеуі.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Преступность Казахстана в 2016 году (статистический ежегодник)
2. А.Х.Миндагулов Нужен ли закон о профилактике преступлений? Алматы. 2013. 142-144бб
3. Е.О.Алауханов. Проблемы правовой борьбы с вымогательством среди несовершеннолетних. Алматы. 2012.45-49бб
4. С.П.Бузинов. Преступность несовершеннолетних. Алматы.2010. 56-59бб
5. Е.Қайыржанов. Жасөспірімдер арасындағы өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алу бойынша іс-шаралар.Алматы.2011. 68б